

«Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті»
Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы



Некоммерческое
акционерное общество
«Казахский
национальный
университет имени
аль-Фараби»

Күжат номері	Нұсқа	Енгізу жылы:	Келесі қайта қарашылдырылу жылы:
1	1	2025 ж.	2028 ж.
Күжат атауы:	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже		
Бекітілді:	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесінің № 1 «29» 09. 2025 ж. шешімімен		
	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Келісілді:	Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор	Ибраимов М.К.	
Келісілді:	Басқарма мүшесі - қаржы шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту бойынша проректор	Тасыбаев А.Б.	
Келісілді:	Экономика және қаржы департаментінің директоры	Макашова А.Ж.	
Келісілді:	Заң департаментінің құқықтық жұмыс бөлімінің басшысының м.а.	Женисова Д.Д.	
Келісілді:	Адам ресурстарын дамыту департаментінің директоры	Қалтаев А.С.	
Келісілді:	Стратегиялық даму орталығы директорының м.а.	Василина Г.К.	
Әзірленді:	Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департаменті директоры м.а.	Тастамбек Қ.Т.	
Әзірленді:	Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директорының орынбасары – Ғылым және жарияланым қызметі басқармасының басшысының м.а.	Рысмагамбетова А.А.	
Әзірленді:	Ғылым және жарияланым қызметі басқармасының бас маманы	Өтегенова Ә.Н.	

Алматы 2025 ж.

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ҚеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым:ұшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі турали ереже	ҚазҰУ ереже	бет 2-ші 24-тен

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» ҚеАҚ (бұдан әрі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Университет) өзінің негізгі мақсаты ретінде әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттері қатарына кіруді, ғылыми қауымдастықтағы беделін арттыруды, қолданбалы және іргелі ғылыми-зерттеу жобаларының сапасы мен санын арттыруды, сондай-ақ Университеттің жарияланымдық белсенділігі мен мақалаларының дәйексөз келтірілу деңгейін көтеруді көздейді.

1.2. Осы Ереженің мақсаты – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, қызметкерлерін, білім алушыларын және шетелдік жетекші ғалымдарды әлемдік ғылыми кеңістікке интернационализациялау және интеграциялау, сондай-ақ жоғары беделге ие жоғары рейтингтік халықаралық басылымдарда жариялануға ынталандыру болып табылады.

1.3. Халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланымдық белсенділік нәтижелері үшін материалдық сыйақы түріндегі ынталандыру осы Ережеде көрсетілген талаптар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Осы Ереже Университеттің Web of Science және/немесе Scopus дәйексөздер дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдық белсенділігін материалдық ынталандыру шараларын ұйымдастыру талаптарын, материалдық ынталандыру мақсатында қаралатын жарияланымдарға қойылатын талаптарды және авторлық үлесті растайтын құжаттарға, сондай-ақ төлемдерді есептөу мен жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды айқындаиды.

1.5. Осы Ережеде келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

Scopus – ғылыми жарияланымдар, дәйексөздер, автордың Хирш индексі, ұйым, ел туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы базаға енгізілген басылымдардың библиометриялық көрсеткіштерін қамтитын библиографиялық және реферативтік деректер базасы.

SJR (SCImago Journal Ranking) – бұл Scopus деректер базасында қолданылатын библиометриялық көрсеткіш, ғылыми журналдардың ғылыми әсерін бағалау үшін қолданылады. Ол журнал алған дәйексөздердің санын ғана емес, сонымен қатар сілтеме (дәйексөз) жасаған журналдардың маңыздылығы мен беделін де ескереді. SJR көрсеткіші жыл сайын есептеледі.

Web of Science (WoS) – бұл Clarivate Analytics компаниясының халықаралық ғылыми-метриялық, реферативтік-библиографиялық дерекқоры және іздеу платформасы.

Аффилиация – автор жарияланымда өзінің жұмыс орны және/немесе ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық жобаны жүзеге асыру орны ретінде көрсеткен ұйым. Бір автордың Scopus және Web of Science деректер базаларында бір немесе бірнеше аффилиациясы болуы мүмкін.

Сыртқы дәйексөздер – бұл автордың ғылыми мақаласына жасалған сілтемелер, олар басқа зерттеушілердің жарияланымдарында келтірілген және бұл

Омир

Омир Амб

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ҚеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым: ушінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 3 ші 24-тен

зерттеушілер аталған еңбектердің қосалқы авторы болып табылмайды әрі бір зерттеу ұжымына кірмейді.

Журналдық мақалалар (немесе мақалалар) – Scopus деректер базасындағы құжат түрі ретінде Article және Review санатына жататын жарияланымдар.

Журналдың импакт-факторы (Impact factor) – бұл ағымдағы жылы журналда жарияланған мақалаларға жасалған сілтемелер санының, сол журналда алдыңғы екі жылда жарияланған мақалалар санына қатынасы. Импакт-фактор Web of Science деректер базасындағы Journal Citation Reports (журналдарды дәйексөздеу есебі) аналитикалық модулі арқылы есептеледі.

Жеке тіркеу номірі (ЖТН) – бұл өтінім беруші гранттық қаржыландыру (ГҚ) немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (БНҚ) шенберінде бюджет қаражаты есебінен ұсынылған ғылым, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі (FFTҚН) нысанына берілетін бірегей номір.

Квартиль (Journal Quartile) - Q – Scopus деректер базасында қолданылатын метрика, ол басылымдарды белгілі бір ғылыми бағыт бойынша процентиль көрсеткішіне сәйкес төрт санатқа бөледі: 1-квартиль (Q1) – процентиль көрсеткіші 75-тен 99-ға дейін, 2-квартиль (Q2) – 50-ден 74-ке дейін, 3-квартиль (Q3) – 25-тен 49-ға дейін, 4-квартиль (Q4) – 1-ден 24-ке дейін.

Конференция материалдары – Scopus деректер базасында Conference Paper құжат түріне жататын жарияланымдар.

Монографиялар – Scopus деректер базасында Book құжат түріне жататын жарияланымдар

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы.

CiteScore бойынша процентиль – Scopus деректер базасында жарияланымдардың дәйексөз келтірілу деңгейіне байланысты белгілі бір ғылыми бағыттағы басылымдарды 0-ден 99-ға дейінгі шкала бойынша саралау үшін қолданылатын метрика. Басылым бірнеше ғылыми бағытқа жатуы мүмкін және әркайсысы үшін түрлі процентиль көрсеткіштеріне ие болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ең жоғары процентиль көрсеткіші есепке алынады.

Жарияланымдар – Scopus деректер базасында Article, Review, Conference Paper, Book және Chapter құжат түрлерінің жиынтығы.

Жарияланымдық белсенділік – ғылыми ұйымдардың, авторлардың және ғылыми журналдардың қызметінің тиімділігін бағалаудағы ең маңызды критерий. Жарияланымдық белсенділік – автордың немесе ұжымның ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі болып табылатын ғылыми жарияланым түрінде көрініс тапқан және ғылыми-метрикалық көрсеткіштер арқылы өлшенетін көрсеткіш.

Scopus деректер базасында индексациясы тоқтатылған басылымдағы жарияланым – Scopus деректер базасына бұрын енгізілген, алайда түрлі себептерге байланысты деректер базасынан алып тасталған басылымдағы жарияланым.

Омб

Директор

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 4 ші 24-тен

“Жыртқыш” және/немесе жалған журналдар – жарияланым үшін ақы алып, бірақ тиісті редакциялық және баспалық қызметтерді ұсынбайтын бизнес-модельді қолданатын субъектілер.

2. ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТИН ҮНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

2.1. Үнталандыру шаралары Университеттің оқытушы-профессорлар кұрамына, қызметкерлеріне және білім алушыларына, сондай-ак Al Farabi Kazakh National University аффилиациясын көрсеткен шетелдік және штаттан тыс авторларға Web of Science (Clarivate Analytics) және/немесе Scopus (Elsevier) деректер базаларында индекстелетін рейтингтік халықаралық басылымдардағы мақалалары үшін беріледі.

2.2. Осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бір мақаланы бір мезгілде ынталандыру үшін де, педагогикалық жүктемені азайту есебіне енгізу үшін де көрсетуге тыйым салынады.

3. ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТИНІҢ НӘТИЖЕЛЕРИНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Web of Science және/немесе Scopus деректер базаларында индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланымдары үшін Университеттің аффилиациясын көрсеткен авторларды ынталандыру шарттары:

- Журнал күмәнді беделге ие, «жыртқыш» және/немесе жалған болмауы тиіс (эксперт Джейфри Билла ұсынған критерийлерге сәйкес);
- Үнталандыру тізімін жасау үдерісінде журнал Web of Science деректер базасында индекстеліп, нөлден жоғары импакт-факторға ие болуы немесе Scopus деректер базасы бойынша әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар үшін $SJR \geq 0,1$, жаратылыстану бағыттары үшін $SJR \geq 0,2$ көрсеткішіне ие болуы тиіс;
- Есепке тек журналдың тұрақты нөмірлерінде және/немесе арнайы шығарылымдарында (Special Issue) жарияланған мақалалар алынады, қосымша шығарылымдарда (Supplement) жарияланған мақалалар есепке алынбайды;
- Қарастыруға тек толыққанды зерттеу мақалалары (Article және Review) алынады. Конференция материалдары мен тезистер, жарияланған монографиялар мен кітаптарға жазылған аннотациялық мақалалар, редакторға хаттар және мақалалардың қысқаша аннотациялары есепке алынбайды;
- Үнталандыру тізімін жасау үдерісінде SciVal/Scopus және InCites/Web of Science жүйелерінде көрсетілген, шетелдік ғалымдармен бірлесіп жазылған (авторлар саны 30-дан аспауы тиіс) Q1 және Q2 квартильдік журналдардағы мақалалар ғана есепке алынады;
- Тізімге тек авторы аффилиациясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауын ағылшын тілінде бірыңғай түрде – **Al-Farabi Kazakh National University** деп көрсеткен мақалалар ғана енгізіледі.

РМК

Менін: Гыл

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ	Мерзімі: «_» 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 5 ші 24-тен

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың штаттағы оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері мақала жариялаған кезде **Al-Farabi Kazakh National University** аффилиациясын бірінші орында және басымдықпен көрсетуі тиіс.

- Гранттық немесе бағдарламалық - нысаналы қаржыландыруға сәйкес ғылыми жобаның міндеттерін орындау шенберінде, ҚазҰУ және FЗИ республикалық бюджеттік мекемесінің шоттары арқылы өткен және ЖТН (жеке тіркеу нөмірі) қамтылған мақалалар ынталандыру қарастырылған кезде есепке алынбайды. Алайда, ЖТН көрсетілген және жобаның күнтізбелік жоспарынан тыс жарияланған мақалалар ынталандыру алу үшін қарастырылуы мүмкін;

- Гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға сәйкес ғылыми жобаның міндеттерін орындау шенберінде басқа университеттер, FЗИ шоттары арқылы өткен және ЖТН қамтылған мақалалар ынталандыру алу үшін қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда есептік жыл ішінде ЖТН көрсетілген жарияланымдардың саны төмендегідей шарттар бойынша талданады: гранттық қаржыландыру (ГК) жобалары бойынша бір (1) мақала, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (БНК) жобалары бойынша екі (2) мақала жоба міндеттерін орындау ретінде есептеледі. Сол жылдың ішінде сол ЖТН нөмірімен жарияланған барлық келесі ғылыми мақалалар сыйақы тағайындауға ұсынылуы мүмкін.;

- Scopus деректер базасынан шығарылған журналдарда мақала жариялаған авторларға журнал деректер базасынан шыққаннан кейінгі үш жыл ішінде сыйақы төлеу ұсынылмайды;

- PhD докторантурасында оқып жатқан немесе білімін аяқтаған студенттердің мақалалары да автор аффилиациясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауы ағылшын тілінде бірыңғай түрде көрсетілген жағдайда есепке алынады;

3.2. Web of Science және/немесе Scopus деректер базаларында индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланымдардың сыртқы дәйексөздері бойынша күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлер және университетті ынталандыру шарттары:

- Есепке соңғы аяқталған күнтізбелік жылы және соңғы 5 жыл ішінде Web of Science және/немесе Scopus деректер базаларында индекстелген ғылыми жарияланымдарға жасалған сыртқы дәйексөздер алынады.

- Тек ғылыми жарияланымдарға жасалған сыртқы дәйексөздер есепке алынады, яғни автордың өз мақаласын, барлық авторлардың өзара цитаталарын және кітаптарға жасалған дәйексөздерді ынталандыруға қосу қарастырылмайды.

- Сыртқы дәйексөздер тек авторлары аффилиациясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауын ағылшын тілінде бірыңғай түрде – **Al-Farabi Kazakh National University** деп көрсеткен ғылыми жарияланымдарға қатысты есепке алынады.

Онл

Документ: Атт

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ҚеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шарапалары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 6 ші 24-тен

– Сыртқы дәйексөздер тек Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ штаттағы оқытушы-профессорлары мен қызметкерлерінің ғылыми мақалаларын жариялағанда автордың үштен артық емес аффилиациясының бірі ретінде **Al-Farabi Kazakh National University** аффилиациясын көрсеткен ғылыми жарияланымдарға қатысты есепке алынады;

– Үнталандыру тізімін жасау сәтінде SciVal/Scopus және/немесе Web of Science жүйелерінде көрсетілген ағымдағы күнтізбелік жылды жарияланған ғылыми енбектердегі дәйексөздер есепке алынады.

– Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін журналдарда жарияланған немесе Scopus деректер базасындағы CiteScore процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын ғылыми жарияланымдарға жасалған дәйексөздер есепке алынады.

– Тек толыққанды зерттеу мақалаларына (Article, Review) жасалған сыртқы дәйексөздер есепке алынады. Конференция материалдары мен тезистеріне, жарияланған монографиялар мен кітаптарға арналған аннотациялық мақалаларға, редакторға жазылған хаттарға және мақалалардың қысқаша аннотацияларына жасалған дәйексөздер есепке алынбайды;

– Күмәнді беделі бар, «жыртқыш» және/немесе жалған басылымдарда жарияланған жарияланымдарға жасалған дәйексөздер есепке алынбайды (эксперт Джейфри Биллдің критерийлеріне сәйкес);

– Халықаралық рейтингтік нәтижелерде университеттің үлесін көрсете алмайтын, 30-дан көп авторы бар ауқымды ынтымақтастықтағы жарияланымдарға жасалған сыртқы дәйексөздер есепке алынбайды.

4. АВТОРЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ ҮШІН ТІЗІМ ҚҰРАСТЫРУ ТӘРТІБІ

4.1. <http://scopus.com> және/немесе scival.com сайттарындағы мониторинг нәтижелері негізінде Университеттің Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің (бұдан әрі – Департамент) қызметкерлері осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін мақалалар тізімін құрастырады. Әр мақала үшін ынталандыру мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аффилиациясын көрсеткен бір автордың аты-жөні көрсетіледі.

4.2. Департамент қызметкерлері құрастырған мақала тізімі Ғылыми - инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректордың бекітуімен жүзеге асырылады. Тізімді құрастыру барысында туындаған мәселелер «Scopus және Web of Science деректер базаларындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия құру туралы ереже» тәртібі бойынша шешіледі.

4.3. Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор ынталандыруға ұсынылған авторлар тізімін қоса тіркей отырып, Басқарма Төрағасы – Ректордың атына ұсыныс дайындейдайды.

ОМК

Омир: Амк

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ҚеАҚ	Мерзімі: «__» __ 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесін туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 7 ші 24-тен

4.4. Авторларды ынталандырудың негізі осы Ереженің 5-тармағына сәйкес әр авторға арналған сыйақы мөлшері көрсетілген Басқарма Төрағасы – Ректордың немесе ғылыми - инновациялық қызмет жөніндегі проректор – Басқарма мүшесінің бүйрүғы болып табылады.

4.5. Егер бір мақала бір мезгілде Web of Science және Scopus деректер базаларында көрсетілсе, сыйақы тек бір рет төленеді және оның мөлшері SCImago Journal Rank (SJR) базасындағы журналдың квартиль мен SJR көрсеткіші бойынша белгіленген санатқа сәйкес айқындалады.

5. ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ МЕН ҮНТАЛАНДЫРУ МӨЛШЕРИ

5.1. Жыл сайын ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор қаржы-шаруашылық қызметі және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор – Басқарма мүшесімен келісім бойынша салықтар, зейнетакы және өзге де аударымдарды ескере отырып, жалпы сыйақы мөлшерін бекітеді.

5.2. Ғылым және инновациялық қызмет департаменті және Экономика және қаржы департаменті ғылыми мақалаларды айлық есептік көрсеткіштерге (Косымша 1) сәйкес дәрежелеуді келісіп, ұсынады.

5.3. Департамент қызметкерлері Scopus дерекқорындағы SJR (SCImago Journal Rank) көрсеткіші бойынша ғылыми мақалалардың бекітілген градациясына сәйкес жарияланымдар үшін сыйақы мөлшерінің рейтингтік тізімін жасайды. Сонымен қатар, Scopus және Web of Science дерекқорларындағы журналдың процентиліне негізделген Q1–Q2 квартиліндегі журналдарда жарияланған мақалаларға қосымша үстемеакы ескеріледі.

5.4. Әрбір авторға төленетін сыйақы мөлшері бекітілген градацияға сәйкес айқындалады, сондай-ақ үстемеакы мөлшері лауазымына, ғылыми дәрежесіне, атағына және ғалымның басқа да сипаттамаларына байланысты емес.

5.5. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың штаттық профессор-окытушылар құрамы мен қызметкерлеріне ғылыми мақалалар үшін берілетін сыйақы мөлшері 1-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген жіктеме негізінде анықталады. Бұл мақалаларда **аффилиация ретінде бірінші болып Al-Farabi Kazakh National University** көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, **шетелдік ғалымдар мен штаттан тыс авторлардың** мақалалары үшін сыйақы мөлшері **жеке есептеледі** (к. 1-қосымшаның 2-кестесі).

5.6. Автордың жарияланымына сыртқы дәйексөз келтіру көрсеткіші Web of Science және/немесе Scopus дерекқорлары негізінде есептеледі.

5.6.1. Scopus дерекқорында ғылыми жарияланымдардың сыртқы дәйексөзделуін есептеу “Іздеу” (Search) қойындысының функцияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады, мұнда мақала атауын енгізу арқылы тиісті жарияланым анықталады. Осыдан кейін “Дәйексөздерге шолу” (Citation overview) бөліміне өту қажет. Талдау параметрлерінде соңғы 5 жыл ішіндегі жарияланымдар

Онір

Онис: Нур

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 8 ші 24-тен

аралығы көрсетіледі (мысалы: 2021–2025 жж., 2022–2026 жж., 2023–2027 жж. және т.б.). Талдау деректерін қалыптастыру кезінде өз-өзіне сілтеме жасау және кітаптарға сілтемелер алынып тасталады. Ұсынылған аналитикалық кестеде тек соңғы аяқталған күнтізбелік жылдағы сыртқы дәйексөздер туралы деректер ескеріледі, бұл дәйексөздер соңғы бес (5) жылда жарық көрген және Scopus дерекқорында индекстелген ғылыми жарияланымдарға қатысты. Таісті талдау жүргізу үлгісі 5-қосымшада келтірілген.

5.6.2. Web of Science дерекқорында ғылыми жарияланымдардың сыртқы дәйексөзделуін есептеу “Іздеу” (Search) қойындысының функцияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады, мұнда мақала атаяның енгізу арқылы тиісті жарияланым анықталады. Бұдан кейін “Дәйексөздер туралы есеп” (Citation Report) бөліміне өту қажет. Ұсынылған аналитикалық кестеде соңғы бес (5) жыл ішінде жарияланған және Web of Science дерекқорында индекстелген ғылыми жарияланымдарға қатысты тек соңғы аяқталған күнтізбелік жылдағы сыртқы дәйексөздер туралы деректер ескеріледі. Таісті талдау жүргізу үлгісі 6-қосымшада келтірілген.

5.7. Сыртқы дәйексөздердің ең төменгі шекті мәні 3 болып белгіленеді. Егер төменде көрсетілген формула бойынша есептелген нәтиже осы мәннен төмен болса, сыйақы төленбейді.

Мысалы, 2021–2025 жж. аралығында жарияланған ғылыми жарияланымдар қарастырылған жағдайда, егер автордың 2022 жылы жарияланған және осы Ереженің 3.2-тармағына сәйкес келетін мақаласында жалпы 75 дәйексөз болса, олардың 60-ы сыртқы дәйексөздер болып табылса және олардың 15-і — ағымдағы күнтізбелік жыл — 2025 жылы жасалған сыртқы дәйексөздер болса, сондай-ақ бұл деректер SciVal/Scopus және/немесе Web of Science жүйелерінде сыйақы тағайындау тізімін қалыптастыру үдерісінде көрініс тапса, онда сыйақыны есептеу 2025 жылғы сыртқы дәйексөздер саны негізінде жүргізіледі. Бұл жағдайда ғылыми мақала үшін 15 сыртқы дәйексөзге сыйақы төленеді.

5.8. Ереженің 3.1-тармағының талаптарына сәйкес келетін мақалалардың авторлары болып табылатын, бірақ қазіргі уақытта Университетте жұмыс істемейтін/оқымайтын тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсету шартына қол қоюы тиіс, сондай-ақ келесі құжаттарды ұсынуы қажет: Scopus базасында жарияланған мақала көшірмесі, жеке куәліктің көшірмесі, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі және 20 таңбалы банк шотының нөмірі (3 және 4-қосымшалар).

5.9. Рейтинглік мақалалар үшін төленетін жалпы сыйақы мөлшері әрбір автор үшін сыйақы мөлшері көрсетілген Басқарма Төрағасы – Ректордың немесе Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың бүйрығымен бекітіледі.

5.10. Бір авторға жыл сайын берілетін сыйақының шекті мөлшері, оның ішінде

10мк

Оңай: Айнур

	«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ҚеАҚ	Мерзімі: «__» ____ 2025 ж.	Басылым: үшінші
	Университеттің халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігін ынталандыру шаралары жүйесі туралы ереже	ҚазҰУ ереже	бет 9 ші 24-тен

жарияланымдық белсенділік, сыртқы дәйексөздер және басқа да ынталандыру төлемдері бойынша, 5 000 000 (бес миллион) теңгені құрайды. Белгіленген лимиттен асқан төлемдер жүзеге асырылмайды.

5.11. Авторларға сыйақы төлемі оку жылы аяқталғаннан кейін жылына бір рет жүргізіледі.

5.12. Сыйақы төлемі бір реттік аударым арқылы автордың жеке банктік шотына жүзеге асырылады және тек ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор бекіткен тізімде ынталандыру ретінде көрсетілген бір ғана авторға төленеді.

5.13. Университет жарияланым авторлары арасында ынталандыру төлемдерін бөлуге қатысты талап-арыздарды қарастырмайды және бұл мәселеде ешқандай міндеттемелерді өз мойнына алмайды.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Ғылыми-техникалық мәселелер бойынша осы Ереженің орындалуына бақылау жүргізу Университеттің Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректорына, ал қаржылық мәселелер бойынша – Басқарма мүшесі - қаржы шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту бойынша проректорына жүктеледі.

6.2. Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.



омб



1-кесте. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың штаттық профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері үшін ғылыми мақалалардың АЕК-ке (айлық есептік көрсеткішке) сәйкес градациясы

№	SJR	АЕК	Процентиль	Квартиль	АЕК
1	10.000 +	300	99 – 90	Q1	50
2	9.999 – 9.0	270	89 – 86		35
3	8.999 – 8.0	240	85 – 75		30
4	7.999 – 7.0	225	74 – 61	Q2	20
5	6.999 – 6.0	210	60 – 50		10
6	5.999 – 5.0	195	-	-	-
7	4.999 – 4.0	150	-	-	-
8	3.999 – 3.0	135	-	-	-
9	2.999 – 2.0	120	-	-	-
10	1.999 – 1.5	105	-	-	-
11	1.499 – 1.0	90	-	-	-
12	0.999 – 0.7	75	-	-	-
13	0,699 - 0,6	75	-	-	-
14	0.599 – 0.5	60	-	-	-
15	0.499 – 0.4	60	-	-	-
16	0.399 – 0.3	45	-	-	-
17	0.299 – 0.2	45	-	-	-
18	0.199 – 0.1	30	-	-	-

Омб

Журнал: Амн

2-кесте. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдік және штаттан тыс ғалымдары үшін ғылыми мақалалардың АЕК-ке (айлық есептік көрсеткішке) сәйкес градациясы

№	SJR	АЕК	Процентиль	Квартиль	АЕК
1	10.000 +	200	99 – 90	Q1	35
2	9.999 – 9.0	180	89 – 86		25
3	8.999 – 8.0	160	85 – 75		20
4	7.999 – 7.0	150	74 – 61	Q2	10
5	6.999 – 6.0	140	60 – 50		5
6	5.999 – 5.0	130			
7	4.999 – 4.0	100			
8	3.999 – 3.0	90			
9	2.999 – 2.0	80			
10	1.999 – 1.5	70			
11	1.499 – 1.0	60			
12	0.999 – 0.7	50			
13	0,699 - 0,6	45			
14	0.599 – 0.5	40			
15	0.499 – 0.4	40			
16	0.399 – 0.3	30			
17	0.299 – 0.2	30			
18	0.199 – 0.1	20			

дат

Оңған: *Андрей*

**3-кесте. Ғылыми мақалалардың сыртқы дәйексөздер санына
байланысты айлық есептік көрсеткіш (АЕК) бойынша градациясы**

№	Соңғы аяқталған күнтізбелік жыл ішінде Web of Science және/немесе Scopus дереккөрларында соңғы 5 жылда жарияланған ғылыми жариялымдарға берілген сыртқы дәйексөздер саны.	АЕК
1.	3	15
2.	4-5	18
3.	6-7	20
4.	8-9	23
5.	10-12	25
6.	13-14	28
7.	15-17	29
8.	18-19	30
9.	20-24	31
10.	25-29	32
11.	30-34	33
12.	35-39	34
13.	40-44	35
14.	45-49	37
15.	50-59	40
16.	60-69	43
17.	70-79	45
18.	80-89	48
19.	90-99	50
20.	100-119	52
21.	120-149	55
22.	150-179	58
23.	180-199	59
24.	200-249	60
25.	250-299	65
26.	300-399	70
27.	400-499	75
28.	500+	80

**Договор №
на оказание возмездных услуг**

г. Алматы

«___» _____

Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» (050040, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 71), именуемый в дальнейшем «Заказчик», в лице Члена Правления – проректора по научно-инновационной деятельности _____, действующего на основании Доверенности №____ от ____ г., с одной стороны, и ученый

Номер паспорта № от _____ года, именуемый в дальнейшем «Исполнитель», с другой стороны, а вместе именуемые «Стороны», в соответствии с пунктом 178 раздела 28 Устава НАО «КазНУ имени аль-Фараби» заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Исполнитель обязуется оказывать услуги по опубликованию статей в журналах, входящих в БД Scopus, (далее – Услуги) в соответствии со своей квалификацией и специальными знаниями, а Заказчик обязуется принять оказанные Услуги, при их надлежащем выполнении, и произвести их оплату в соответствии с условиями Договора.

1.2. Заказчик предоставляет Исполнителю задание на оказание Услуг. Исполнитель оказывает Услуги в установленный срок и передает их результаты Заказчику.

1.3. Публикация статей в рейтинговых журналах, входящих в базу данных Scopus, с «___» по «___» 202___ года.

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1. Заказчик имеет право:

2.1.1. требовать своевременного и надлежащего исполнения Исполнителем обязательств по Договору;

2.1.2. осуществлять контроль за деятельностью Исполнителя по оказанию Услуг по Договору, а также за соблюдением сроков их оказания;

2.1.3. требовать от Исполнителя безвозмездного исправления выявленных недостатков, допущенных Исполнителем при оказании Услуг;

2.1.4. давать рекомендации Исполнителю в отношении методов и способов оказания Услуг;

2.1.5. по своему усмотрению приостановить оказание Услуг в случае наличия объективных причин, создающих препятствие своевременному

**Agreement №
for the provision of reimbursable services**

Almaty

«___» _____

Non-profit Joint Stock Company "Al-Farabi Kazakh National University" (050040, 71 Al-Farabi avenue, Almaty), hereinafter referred to as "Customer", represented by Board member – Rector for Research and Innovation _____, acting on the basis of a power of attorney No. _____ dated _____, on the one hand, and a foreign expert:

Passport No _____ issued on _____ hereinafter referred to as "Contractor", on the other hand, collectively referred to as "Parties", in accordance with paragraph 178 of section 28 of the Charter of the NP JSC "Al-Farabi Kazakh National University" have concluded this agreement (hereinafter - Agreement) on the following.

1. SUBJECT OF THE AGREEMENT

1.1. The Contractor undertakes to provide services for the publication of articles in journals included in the Scopus database (hereinafter - Services) in accordance with his qualifications and special knowledge, and the Customer undertakes to accept the Services provided, with their proper performance, and to make payment for them in accordance with the terms of the Agreement.

1.2. The Customer provides the Contractor with a task for the provision of Services. The Contractor provides Services on time and transmits their results to the Customer.

1.3. Publication of articles in rating journals included in the Scopus database from _____ to _____, 202___.

2. RIGHTS AND OBLIGATIONS OF THE PARTIES

2.1. The Customer is entitled to:

2.1.1. request the Contractor to timely and properly fulfill obligations set out in the Agreement;

2.1.2. monitor the activities as well as verify compliance with the deadlines by the Contractor for the provision of Services set out in the Agreement;

2.1.3. to demand from the Contractor uncompensated correction of the identified shortcomings committed by the Contractor in the provision of Services;

2.1.4. give the Contractor recommendations on methods and means of rendering Services;

2.1.5. at their discretion, suspend the provision of Services if any objective reason exists that creates an obstacle to the timely provision of Services, notifying

10/08

10/08: Amf

оказанию Услуг, о чем уведомляется Исполнитель. В этом случае изменяются сроки оказания Услуг соразмерно времени, на которое Услуги были приостановлены и приостанавливаются все денежные расчеты по Договору;

2.1.6. отказаться в одностороннем порядке от исполнения настоящего Договора, письменно уведомив об этом Исполнителя не позднее, чем за 3 (три) рабочих дня.

2.2. Заказчик обязуется:

2.2.1. принять по Акту выполненных работ (оказанных услуг) (Форма Р-1) и оплатить надлежащим образом оказанные Исполнителем Услуги;

2.2.2. в случае необходимости ознакомить Исполнителя с внутренними документами Заказчика, которых Исполнитель должен придерживаться при оказании Услуг.

2.3. Исполнитель имеет право:

2.3.1. требовать надлежащего исполнения Заказчиком обязательств по Договору;

2.3.2. получить от Заказчика исходную исполнительную и техническую документацию, иные сведения, необходимые для оказания Услуг по настоящему Договору

2.3.3. выполнить Услуги досрочно в полном объеме и качественно;

2.3.4. на оплату, оказанных Услуг в соответствии с условиями и сроками, предусмотренными в настоящем Договоре;

